

Тәуелсіз Қазақстан: бүгінгі жетістіктері мен стратегиялық дамуының бағыттары



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УНИВЕРСИТЕТ "СЫРДАРИЯ"

«Тәуелсіз Қазақстан: бүгінгі жетістіктері мен стратегиялық дамуының бағыттары» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған студенттердің дәстүрлі II республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

II студенческой традиционной конференции «Независимый Казахстан: сегодняшние достижения и направления стратегического развития», посвященной 25-летию независимости Республики Казахстан

WORKS

Of the second traditional student conference "Independent Kazakhstan: nowadays achievements and directions of strategic development", dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

Жетісай, 2016



Табиғат ескерткіштері — көбіне тарихи-табиғи және ғылыми мәні зор жеке табиғат нысандарын ғана (өсімдіктердің, жануарлардың жеке түрлері, үңгірлер, сарқырамалар және т.б.) қорғауды көздейді. Олардың ғылыми-танымдық мәніне ерекше көңіл бөлінеді. Елімізде республикалық мәні бар “Қаз қонақ” (Ертіс өзенінің жағалауында), “Шарын шаған тоғайы”, “Шыңтүрген шырыштары” (Алматы облысында) “Баум тоғайы” (Алматы қаласында) және т.б. табиғат ескерткіштері бар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жаңа түрі - табиғи резерваттар. Елімізде Ертіс өзенінің алқабындағы реликті қарағайлы ормандарды қорғау мақсатында 2003 жылы “Ертіс орманы” және “Семей орманы” деген табиғи резерваттар ұйымдастырылды. Табиғи резерваттарда қорықтық белдем де, шаруашылық жүргізілетін алқаптар да бірге қорғалады. Табиғи резерваттарда, негізінен, биологиялық сан алуан түрлілікті сақтауға және оны қалпына келтіруге айрықша көңіл бөлінеді [5].

Қорыта келгенде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызын көптеген мысалдармен, түсіндірулермен ашып көрсетуге болады. Біздің бұл тақырыпты ағуды мақсатымыз ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түсінігін, түрлерін, қағидағарын, біздің мемлекетіміз үшін маңызын ашу арқылы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың одан әрі дамуына үлес қосу. Ұзақ жылдар бойы Қазақстан тарихында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қалыптасуы жүріп мемлекетіміз үшін маңызды тарихи оқиғалар болды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде 2006 жылы 7 шілдеде қабылданған «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңының қабылдануы, Кеңес кезеңіндегі жерге байланысты, экологияға байланысты қабылданған Қазақ ССР-нің Жер кодексіні, Экологиялық кодекстерді айтуға болады. Бұл заңдардың қабылдануы арқылы мемлекетте ерекше қорғалатын табиғи аумақтар заңи тұрғыдан негізін бекітін түсініктері қабылдана бастады. Кейін Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін біздің еліміз өз заңын бекітін оған өзі ерістер мен толықтырулар енгізді. Бұл өте маңызды процесс еді өйткені, әр мемлекет заңын өз нысанына, тәртібіне қарай мемлекет үшін маңызды формада шығаруы тиіс. Қазақстан Республикасы территориясы кең, шекарасы байтақ, табиғи байлықтары мен аумақтар, қорықтарға бай мемлекет болып табылады. Осындай байлық немденін, болашақ ұрпаққа қалдыру үшін біз ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға үлкен көңіл болуіміз керек. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде оңға жуық ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар екен. Бірақта бұл Қазақстан сияқты кең байтақ мемлекет үшін өте аз. Әлі де зерттеулер жүргізіп ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санын көбейту керек. Әлемде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға өте үлкен көңіл бөлінеді және олар бұл сияқты аймақтарды қорғау олардың болашақ ұрпақ аштындағы маңызы деп есептейді. Біздің мемлекетімізде де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға үлкен көңіл бөлінген бірақ бұның өзі аздық етеді. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен оларды ұйымдастырудың маңызы табиғи аумақтардың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Ивашенко А.А. Қазақстанның қорықтар мен ұлттық бақтары - Алматы, 2006ж

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СЕКЦИЈАСЫ

ӘОЖ: 373.167.1 (075.3)

ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кәсіптік оқыту мамандығының студенті Ұ.С. Абдимаһап
Ғылыми жетекшісі: Құрбанәліев Б.Ө. п.ғ.к., профессор
«Сырдария» университеті, Жетісай қаласы

Резюме

Принцип развивающего обучения молодого поколения, всестороннее воспитание; учащиеся научными знаниями, умениями, навыками и мастерством практическая оснащение; их познавательных и творческих способностей, направленных на развитие. В технологии обучения содержание программы соответствует. Моделирование и конструирование швейных изделий, то. ремонт простых неисправностей в швейных культуре, технологические указания по выполнению практических работ и услуг, предусмотренных школьниками самостоятельно работать с картами различных.

Summary

Principle of the developing educating of the young generation, all-round education; students scientific knowledge, abilities, skills and mastery practical equipment, their cognitive and creative capabilities sent to development. In technology of educating maintenance of the program corresponds. Design and constructing of sewing wares, then, repair of simple disrepairs in sewing to the culture, technological pointing on implementation of practical works and services, envisaged schoolchildren independently to work with the maps of different.

Жалпы тәрбиелеу процесінде оқытып – үйретудің сипаты еңбекке баулуға байланысты. Бұл шеберханалардағы сабақтарда оқушыларға идеялық - саяси, адамгершілік, еңбек, дене, ақыл - ой, эстетикалық тәрбие беру міндеттерін кешенді түрде шешумен түсіндіріледі.

Дамытын оқыту принципі жас ұрпақты жан - жақты тәрбиелеуге, оқушыларды ғылыми біліммен, сарамаңдық шеберлікпен және дағдымен жарактандыруға, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұған технология пәнін оқыту бағдарламасының мазмұны сәйкес келеді. Онда тігін бұйымдарын конструкциялау мен модельдеу, тігін мәдениетіндегі қаралайым ақауларды жөндеу, технологиялық нұсқау карталарымен жұмыс істеу және әр түрлі практикалық жұмыстарды орындау жөніндегі мектеп оқушыларының дербес қызметтері көзделген [1].

Теорияны тәжірибемен байланыстыру принципі

Технология сабақтарының ерекшеліктері сол: оларды таза күйінде теориялық және тәжірибелік деп бөлу мүмкін емес. Мектеп оқушыларына теориялық деректер белгілі бір тәртіп бойынша беріледі, яғни бағдарламаның жаңа тақырыбын оқып, білгеннен кейін өткен материалды тәжірибемен бекіту, алынған білім негізінде оқушылардың сарамаңдық шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру ісі ескерілуі тиіс.

Сөйтін технология сабақтарында теорияны тәжірибемен байланыстыру принципін іске асыруға қолайлы жағдайлар жасалған. Өйткені бүкіл теориялық материалдар мектеп оқушыларына тәжірибелік дұрыс орындау үшін беріледі [2].

Еңбекке үйретудің әдістері

Мұғалім технологиядан сабақ беру әдістемесінің сындарлы элементтерін мақсатты түрде үйлестіргені жөн. Әрбір элементтің дидактикалық мәні мен технологиялық негізділігін ойластырып отыру қажет. Сабақ барысында мұғалім мен оқушылардың қызметі алуан түрлі. Бұның мәнісі мынада: әрбір нақты жағдайда оқылудың білім беру, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарына жету үшін әр түрлі жұмыс әдістері қолданылады [3].

Технология мұғалімдерінің жұмыс сараманында оқытудың түсіндіру-бейнеліру және репродукциялау (суреттерді көшіру) әдістері өте жиі кездеседі.

Түсіндіру - бейнеліру әдістері. Мұғалім түсіндіру - бейнеліру әдістерін ланып ақпараттарды қабылдайды, ой елегінен өткізеді де есінде сақтап қалады.

Түсіндіру - бейнеліру әдістеріне әңгіме, түсініктеме, оқулықтар мен басқа көрнекі дүниелерді көрсету, нұсқау карталармен жұмыс жатады.

Бұл әдісті жүзеге асыру үшін мұғалімнің жақсы сөзіне, оқу кітаптары мен көрнекі құралдарға ақпараттарды шоғырландырып беру мүмкіндігі қосылды, сондай - ақ тігін және тоқыма кәсіпорындары мен қызмет көрсету саласындағы жұмысшылар атқаратын еңбек тәсілдерінің орындау барысын кино арқылы көрсетуге болады. Компьютерлерде конструкцияның есептеулерін жүргізуге, әр түрлі бұйымдардың үлгілерін жасауға, модельдерді, жұмыстың әр түрлі озық жолдары мен тәсілдерін көрсетуге мүмкіндік тулды [4].

Репродукциялау әдістері. Бұл әдістер негізінен оқушылардың дағдылануы мен шеберлікке үйреніп, меңгеруінде қолданылады. Мұндай әдістерге жаттығу, лабораториялық жұмыстар, нұсқамалар жатады.

Түсіндіру - зерттеу әдісі

Бұл әдіске технология пәнінің жаңа тарауы - шығармашылық жоба жатады. Ол оқушыларға дербес, шығармашылықпен жұмыс істеуге, өзінің күш - жігерін байқауға, алдына міндеттер қойып оны шешуге мүмкіндік береді. Тақырыптарды өздерінің қалауына қарай тандайды.

Оқу шеберханаларында өтегін технология сабақтары еңбекке баулудың негізгі міндеттерін шешуге және оның мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді.

Технология сабақтарында оқушылар теориялық материалды зерттеп қана қоймай, сонымен бірге практикалық жұмыстарды да орындайды.

Оқытушы сабақ өткізгенде, ол басты және қосымша мақсаттарды айқындайды және сабақ барысында оған жету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Тәрбие берудің мақсаты еңбекке сүйсіспеншілікпен қарау, еңбек адамдарын құрметтеу, адамдардың еңбек нәтижелеріне сыйластықпен қарау, материалдар мен тағам өнімдерін ұқынғылықпен және үнемді жасау, аспаптарға, құралмен басқа да оқу заттарына ұқынғы қарау болып табылады.

Эстетикалық талғамды, көпшілік ортасындағы мінез - құлық мәдениетін тәрбиелеу. Сондай - ақ сабақтарды жұмыстың кәсіптік бағдарын анықтауды, адамдардың еңбек қызметінің алуан түрлерімен, олардың өндірістің жалпы жүйесіндегі рөлімен танысуын жүзеге асыру [5].

Мақсат — оқушыларды материалды саныстыруға, талдау жасауға, қорытуға, сөйтін оны тәжірибеде қолдануға үйрету. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыларға шығармашылық жобалар беріледі. Соның нәтижесінде олар материалдық ерекшелігі мен айырмашылығын, жүйелілігін айыра білу қабілетін дамытады.

Сабақ - оқу жұмысының негізгі түрі

Білім беру саласының технологиясы мына төмендегі негізгі бағыттардан (тараулардан) тұрады:

Ер балалар үшін: Жеміс-көкөніс дақылдарын өсіру технологиясының негіздері; Конструкторлық материалдарды өңдеудің технологиясы; Электр және радиотехника жұмыстары; Сәндік қолданбалы өнер элементтері бар материалдарын көркемдеп өңдеу; Үй мәдениеті. Тұрмыстық техника, Шығармашылық жоба;

Қыздар үшін: Жеміс - көкөніс дақылдарын өсіру технологиясының негіздері; Электротехника және радиотехника жұмыстары; Сәндік қолданбалы өнер элементтері бар көркем қолөнер технологиясы. Тігін бұйымдарын модельдеу; Тағам дайындау технологиясы; Үй мәдениеті. Тұрмыстық техника; Шығармашылық жоба [6].

Мұғалім технология пәніне бөлінген сағаттардың санына қарай білім беру мен тәрбиелеу міндеттеріне, өзінің біліктілік дәрежесіне, материалдық-техникалық базаның мүмкіндіктеріне, оқушылардың еліктеушілігі мен бейімділігіне, аймақтық және ұлттық ерекшеліктеріне сүйене отырып, оқытудың мазмұнын құруы тиіс.

Әрбір тараудағы тақырыпты зерттеу сағаттарының бейнелірілген технологиялық жоспары бар. Мұғалім қажетіне қарай бағдарламалық материалдың көлемін, оны оқып үйренудің реттілігін, бөлінген оқу мерзімі ішінде тараулардың тақырыбын бағалай алады.

Оқып - үйретудің қорытындысында оқушылар кез келген варианттар бойынша қызметтің әртүрлі саласында еңбек әлемі туралы, интеллектуалдық, дене тәрбиесі мен эстетикалық даму, кәсіптік өзін-өзі айқындау, қазіргі әлеуметтік - экономикалық жағдайға бейімделу туралы түсініктер алуы тиіс. Оқушылардың еңбегін қорғауға, еңбек қорғау, электр қауіпсіздігі, ортқа қарсы шаралар, өндірістік санитария және гигиена ережелерін біліп, оны сақтауға айрықша назар аудару қажет [7].

Әдебиеттер

1. Құшев Қыз Ә. Еңбек баулудың негізгі жолдары // Бастауыш мектеп, 2012, № 2, 10-13 б., Ұстаз ұлғаяты - Алматы: Білім, 2012. - 132 б.
2. Бисенғалиев Б. Технология сабағы // Бастауыш мектеп, 2012, № 2.
3. Остемірков К. Технология. 6-сынып. Алматы, 2010.
4. Ы. Омарқалинова «Өнер тәрбиелейді» Алматы 2014.
5. Х. Арғынбаев «Қазақ халқының қол өнері» Алматы 2013.
6. Ә. Тәжімұратов. «Шебердің қолы ортақ» Алматы «Қазақстан» баспасы 2014ж.

ӘОЖ: 347.785

АСНАПТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Абсаяматов И. – Музыкалық білім мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі: Жолдыбаева Қ.М. – оқытушы

«Сырдария» университеті, Жетісай қаласы

Резюме

Народный богатый музыкальное наследие и богатый опыт выступлений ученых будет доказывать правильность идей, упомянутых выше.

Summary

People's rich musical heritage and rich experience of performing scientists will prove the correctness of the ideas mentioned above

Халықтың мол музыкалық мұрасы мен аса бай орындаушылық тәжірибесі де жоғарыда аталған ғалымдар ой-пікірлерінің дұрыстығын дәлелдей түседі.

Қазақтың ұлттық аспаптары өзінің ерекшелігі мол, алуан түрлі және өте бай мұра. Олардың шығу тарихы өте тереңде жатыр. Көптеген тарихи ескерткіштер мен қолжазбалар, ерте ғасырлық Шығыс ғалымдарының еңбектері, XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласын шарлаған этнограф-ғалымдар мен саяхатшылардың естелік-жазулары, соңғы жылдардағы археологиялық қазбалардан табылған деректер, көне аспаптардың мұражайлар мен жеке қорлардағы жинақтары - осының бәрі, қазақ ұлттық аспаптарының шығу тарихы мен даму жолын анықтауға толық мүмкіндік береді.

Басқа халықтардағы сияқты, қазақ халқының да, күллі музыкалық аспаптар құрамы белгілі ғалымдар Э. Хорнбостель, К. Вертков, Б. Сарыбаевтардың ұсынған классификациясына сәйкес негізінен үш топтап құрылады.

I. Үрмелі аспаптар - аэрофондар.

Кіші топтары:

1. Жалғыз тілділер - камыс сырнай, қос сырнай. Мұндағы ерекше топты тілішесті шаңқобыз аспабы құрайды;

2. Мундштуктілер - мүйіз сырнай, ұран, бұғышақ, керней;

3. Флейталықтар - сыбызғы, саз сырнай, үскірік, тастауық, ысқырауық.

II. Ішекті аспаптар - хорлофондар.

Топтары:

1. Ішекті аспаптар - жетіген, домбыра, шертер;

2. Ысқыштылары-қылқобыз.

III. Үрмелі аспаптар - мембранофондар, идиофондар.

Топтары:

1. Мембраналылар - даңғыра, кеншік, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл;

2. Өздері дыбыс беретін ұрмағы аспаптар - идиофондар - асағаяқ, шын, қошырау. Ұлттық аспаптарының құрылымы, оларды жасайтын заттар жайында,

акустикалық өлшемдері, тұрмыста қолданылуы, халықтық мінездемесі және көне аспаптарды дамыту мен жаңарту әдістері жайлы Б. Сарыбаевтың "Қазақтың музыкалық аспаптары (Алматы, 1981) атты кітабынан толық мәлімет алуға болады ([1, 27 - б.]).

Үрмелі аспаптар

Саз сырнай атауы (сұр, сұрма, турна, сұрнай, най) үрмелі аспаптардың әр түріне қолданатын түркітөкес халықтарда көбінен таралған атау. Саз сырнай аспабы халықтық жырлармен, кәсіби әдебиетте жиі аталады.

Мысалы, ақын Әріп Тәдірбергениң (1856-1924) уақыт, өткініші өмір туралы толғауларында мынадай жолдар кездеседі:

Сыбызғы, сырнай қызық әлі-ақ кетер,

Білдірмей жүргеніңде ажал жетер.

Бақи санан жүргенің бәрі фәни.

Өкініш сонда қалар, өмір өтер... .

Қазақтарда да музыкалық аспапты нақтылы сипаттау үшін, оның құрылыс ерекшелігін, дыбыс алу тәсілдерін, тіпті неден жасалғандығын білдіретін атаулар көп беріледі. Мысалы, камыс сырнай (қамыстан жасалған аспап), мүйіз сырнай (мүйізден жасалған аспап), саз сырнай (балшықтан жасалған аспап) сияқты тшы басқа атаулар жиі кездеседі. Сырнайдың көне түрі хақындағы деректер И. Маев, И. Слюз, Л. Загряжский, Н. Стрёмовухов сияқты өткен ғасырдағы этнограф, зерттеушілердің еңбектерінде жиі кездеседі.

Шаңқобыз - қазақтың өте көне аспаптарының бірі. Осындай тілішесті көне аспап әлемнің көптеген халықтарында бар және олар түрліше атпен аталады.

Шаңқобызда ойнау тәсілі негізінен мынадай болып келеді Орындаушы аспап шанағын тілі еркін қозғалатындай етіп, тіспен қысып ұстайды. Ауыз қуысы дыбыс шығарушы қызметін атқарып, /резонатор/ тілішесті саусақпен қағу арқылы түрлі дыбыстық нәтиже беріледі. Аспаптың дыбыс қуаты мен бояуына орай көлемі де әртүрлі болып келеді. Бітімі ерекше, үрлен ойнайтын тілішесті шаңқобыз аспабы - ұлттық аспапты музыкада айрықшз орын алады.

Сирек кездесетін бір түрі - тоз сырнай. Ол қайышының сыртқы қатқыл қабылған аршып тастап, дініне таяу жеріндегі биызы тозын алып, үлкейтіпін бас бармақтай етін пішінімен, содан кейін екі бүктен доға тәріздес етіп жасайды. Үрмелі аспаптардың үлкен бір тобы қос қамыс, ұран, керней және сыбызғы .

Ұран-өзегі алынып, қақпа бөлінген іші қуыс қапта біріктіріп, сыртғы қайыспен оран жасалшы.

Мүйіз сырнай - ұзына бойы нілген табиғи мүйіз. Бұл аспап тау ешкісі мүйізінің іші қуыс бөлігінен жасалады. Аспап күнделікті тәжірибеде нақты қолданылған. Онымен жауынгер-батырлар, бақташылар немесе аңшы-мергендер шабуылдан, аңшылықтың басталуын білдіріп отырған. Дыбыс шығаруы мен үнінің өзі шақыруды білдіретін жуан, аңы, ал дыбыс қатары табиғи дыбыстың алғашқы тондарынан тұрады.

Мүйіз сырнай - көненің жаңғырығындай болып қалған, қаранайым және ең көне аспаптардың бірі. Ол ескінің жұрнағындай болып көрінеді.

Керней - ежелгі аңыздардағы сондай-ақ этнографтар мен көзі көрген адамдардың айтуындағы үрмелі - керней аспабы - ұзына бойы ұсталатын, табиғи түтікше.

Келесі үрмелі музыкалық аспап - үскірік, оның құрылымы үшқан құстың кескінін елестетеді. Үскіріктің дауысы сазсырнай әуеніне ұқсайды, бірақ оған карағанда өте ашылау болып келеді [2, 32 - б.].

Үскірікпен құстың сайрағанын, сәбидің жылағанын, ит пен қасқырдың ұлығанын келтіруге болады. Бұл аспап 1974 жылы Машыстаудың Емір деген ауылынан табылған. Ғалым Болат Сарыбаев аспаптың құрылысын, дыбыстық мүмкіндігін, ойнау тәсілдерін зерттеп, оны өмірге қайта әкелді.

Пішіні тауыққа ұқсайтын саз сырнай түрін тастауық деп атайды. Тастауықтағы орындаушы ауыздан шыққан жел толқынын күшейту арқылы аспап даусын түрліше құбылтып отырады.

Саз сырнай, үскірік және тастауық аспаптарының дыбыс көлемі оларда түрлі ән-күй орындауға толық мүмкіндік береді. Әдетте, құстар мен жануарлар дауысына еліктеген сазсырнай үні ел арасында жиі естілген, оны көбінесе балалар мен қойшылар тартатын болған. Бұл аспаптардағы дыбыс ойықтарын саусақпен толық немесе жартылай басу арқылы, дыбыстарды жоғары немесе төмен түсіріп ойнауға болады.

Бұғышақ - үрлемелі аспаптардың сүйек пен мүйізден жасалатын түрі. Аспаптың дыбысы марал мен бұғылардың даусына ұқсас болғандықтан, жайылып жүрген маралдарды бір жерге жинау үшін қолданылады.

Үрлемелі аспаптардың ішінде тұтасымен көп теріден жасалатын жалғыз нұсқасы - желбуаз аталады. Екі жерінен даусын шығарып ойнайтын, дыбыс ойықтары салынған іші қуыс ұзынша қамыс түтікшелері орнатылады. «...Буаз сиырдың желініндегі сүйектерінің жан-жаққа тырсия жайылуына ұқсас болғандықтан, аспап атауының шығу төркіні желбуаз аталған», - деген мәлімет кездеседі.

Сыбызғының дыбысталуы былайша атқарылады: қиғаш үрленген ауа сыбызғы бойымен өтіп, белгілі биіктігі мен бояуы бар дыбыс береді. Дыбыс ойықтарын ашып-жабу арқылы сыбызғышы түрлі дыбыс биіктіктерін алады.

Сыбызғының ұзындығы 50-70 см. Ол қамыстан немесе қурайдан жасалады және оның үш-төрт дыбыс ойығы болады. Әрбір жеке аспаптың көлемі орындаушы қолының ұзындығына байланысты жасалады, себебі ойнау кезінде төменгі тесіктердегі саңылауды алақанмен немесе саусақ ұшымен қайта-қайта ашып - жауып отыруға тура келеді. Сыбызғының дыбыс көлемі октавадан терісшемаға дейін жетеді. Сыбызғыда дыбысталудың төменгі, ортаңғы және жоғарғы үш сағасы бар ([3, 31 - б.]).

Ішекті аспаптар

Ішекті аспаптарға жетіген, домбыра, шерттер және қылқобыз жатады. Жетіген - ежелгі көп ішекті шертпелі аспаптың дәл өзі.

Аспаптың мұндай түрі түркілерде және кейбір Батыс Сібір халықтарының арасында жетіген, етіген, яғни атауларымен кеңінен тараған. XVII-XIX-ғасырдың жаһангер, этнограф ғалымдары И. Герсиг (1729-1802), И. Лепехин (1740-1802), академик П.С. Паллас (1742-1811) және басқалардың Ресей

империясының түткір-түткірлерін, қатақ ауылдарын кезіп жүріп осы аспапты кездестіріп, оны кеңінен суреттеп жазып кетулері тегіннен-тегін емес.

Жетіген аспабының ежелгі көне түрінде астауша етіп ойылған тақпайдың бетіне жеті қыл ішек тартылған, әр ішектің асықтан қойылған тиеті болады.

Асықты әрі-бері жылжыту арқылы аспаптың құлақ күйі келтіріледі.

Домбыра-казактың ең сүйікті музыкалық аспабы. Егер кейбір музыкалық аспаптардың жергілікті жерлерде ғана пайдаланылуын ескерсек, домбыра аспабы еліміздің барлық аймақтарында да аса кең көлемде таралғанын ерекше айтуға тиістіміз.

Ш. Уалиханов, А. Алекторов, А. Эйхгорн, Г. Потанин, А. Затаевич, А. Жұбанов т.б. осы сияқты этнограф-ғалымдар домбыраның халық тұрмыс-тіршілігінде үлкен орын алатынын атап өтеді. Домбыра тарихы көптеген жүздеген жылдарға созылып жатыр. Әйгілі музыка зерттеушісі, академик В. Виноградов "Археологиялық табыстардың ішіндегі (тақ суреттер, терракота) аса зер салып, көңіл аударатыны - қос ішекті шертпелі аспап... оның тұрмыста қолданылуы 2000 жылдан кем емес", - дейді ([4, 7 - б.]).

Қылқобыздың азақ себебін кемеңгер ғалым ел арасында жаңа әндер мен домбыра күйлерінің көбейіп бара жатқанына сая келіп, осыған орай қобыздан гөрі домбыраның кең тарала бастағанын көреді: "Домбыра мен жаңа әндер енді жыр мен қобызды мүлде ығыстырып шығады?" - деп тұжырымдайды.

Қорқыт - (VIII - IX ғғ.) бүкіл түркітөктес халықтардың, ақынғой данасы, қобыз музыкасының атасы. Қорқыт күйлері бүгінгі күнге тек казак күйшілері арқылы ғана жеткен.

"Қорқыт" күйлерінің бүгінгі күнге жетуінің ең тегеурінді себепшісі - казак даласында күйшілік дәстүрдің кең таралғандығы деп пайымдау қажет. Бұған Қорқыт заманынан бергі ғасырларда да күйшілік өнердің үзілмей жалғасқаны айқын айғақ. Сондай-ақ, дауыппаз аспабы - аң аулауда қолданылды. Ертедегі әскери ұрыстарда өте кең қолданылатын сырнай, кернеймен қатар жүрген бұл аспап, көп терімен көмкерілген қуыс ағаш ішпағынан тұрады және алыс дәуірдегі лигавраны еске түсіреді. Дауыппаз өте күшті, әрі қатты дауысты келеді. Дауыппаздың нардауыппаз, қосдауыппаз, қазандауыппаз деген түрлері де бар. XIX-XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген белгілі ақын Шангерей Бөкеевтің (1847-1920), дауыппаз туралы жырынан үзінді келтірейік.

Жастықта жітті адам жігер болса,

Қалт болмас қалқасына еткен наз.

Құлаққа кінген сырға есітсін,

Құлақ салып, кешкі соққан дауыппазы.

Жоғалып бара жатқан көне аспаптардың бірі - дабыл жөніндегі мәлімет казактың бағырлар жырлары мен түрлі этнографиялық еңбектерінде және ауыз әдебиетінің т.б. е.с. үлгілерінде ғана кездеседі.

Жорық дабылы - үлкен етіп жасалады. Жалпы шеңбер аумағы - 3 метр 40 см., биіктігі - 1 метр болып келеді.

Дауыппаз - көне аспап, ертеде аңшылық, саятшылық, күзбегілік салт-дәстүрлерде қолданылған. Аспапты таяқпен ұрып ойнайды.

Соқпалы-шулы шыңдауыл — шын аспаптары панағы түгжымен метшдан жасалып, бір жак беті мал терісімен қапталды. Тері қапталмас бұрын панақтың ішіне шулы үн беретін сылдырмақ-қоңыраулар немесе темір шығыршықтар тағылады.

Қос дүңкілдек - шамақ іштері қуыс, беті бұлау терісімен қапталды. Шеберлер оның бір бетін жұқа терімен, екіншісін қалыңдау етіп керіп жасайды, ұрса, екеуінен екі түрлі дүңкілдек үн шығады.

Даңғыра - дабылдың бір түрі, бір жағынан терімен қапталған тар жиегі бар; даңғыраның ішіне әртүрлі көлемдегі темірден жасалған жалпақ тілдер ілінеді. Аспаптың аталған түрі ашық, айқын, әрі ашық дыбысты болып келеді.

Бақсылар арасында кеңінен тараған асатаяқ - даңғырлатын ойнайтын, соқпалы аспап. Көптеген этнографиялық еңбектерде оның осы сипаты көп аталады. Мысалы, белгілі зерттеуші Г.А. Пфеннингтің еңбектерінде бақсының орындауында асатаяқтың сүйемелдеуімен емдеу күйінің салт-жырлары суреттелген [5, 11 - 6.].

Асатаяқ - халық аспаптарының мәдени үнісін және ұлттық саздардың алуан үндестіктерінің үйлесімін біріктіріп, дыбыс, сыбыс, дауыс, жаңғырақ, салдыр, күлдір, шыдыр, күңгір, күмбір, күбір, дүбір, дүңкіл, күңкіл, сылдыр т.б. дыбыс үйлесімінен әуезді өз бойына жинағандай әсер береді.

Сонымен, қазақ халқының музыкалық аспаптары өте бай және жан-жақты сақталып келгенін байқаймыз. Бір қуанарлығы қолымыздағы аспаптардың барлығы дерлік, күнделікті тұрмыста қолданылып келе жатқандығы, ұлттық рухың талапқа жауап бере алатын, нақтылы сұранысқа ие болуы дер едік. Қазақтың музыкалық аспаптарының қалыптасуы мен дамуы қоршап жатқан түркі халықтарының аспаптарымен тығыз байланыста өрбіді, бұған көптеген ұқсас аспаптардың болуының өзі-ақ дәлел болады. Мұндай ұқсастық – жалпы түріктік тілмен, ортақ өмір-салт, әдет-ғұрып, мінездермен түсіндіріледі. Ауызекі мәдениеттегі музыкалық аспаптар - қазақтардың музыка өнері туралы аса сенімді, анық, дәлелденген мәліметтердің бастау-көзі болатын, қолшешелердің қоркем-ойыншыл қалыптасу, даму тарихына және түрлі шығыс халықтары мен олардағы мәдениеттердің өзара байланысы мен іс-әрекеттеріне дәлел болатын баға жетпес құжаттардың бірі болып саналады.

Әдебиеттер

1 Дәулетжарова Э. Мектептегі ән-сап сабақтары-оқушыларға музыкалық тәрбие беру көзі //Музыка әлемінде. Ғылыми педагогикалық журнал. - Алматы, 2012 ж.-27 б.

2 Қайжаырова Г. Опер-саркылмас мұра // Музыка әлемінде. Ғылыми педагогикалық журнал -Алматы, 2012 ж. - 31 б.

3 Мақабасова К. Музыка сабағында балалардың шығармашылық әлеуметін дамыту // Музыка әлемінде. Ғылыми педагогикалық журнал. - Алматы, 2013ж.-31б

4 Сағадиева Г. Музыкалық-жестікшілік тәрбие негізінде балалар шығармашылығын дәріптейтін дәстүрлі іс-шараның алатын орны //Музыка әлемінде. Ғылыми педагогикалық журнал. - Алматы, 2013ж.-7 б.

5 Қыдырбаева М. Мектептегі музыкалық тәрбие әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Астана: Фолиант, 2010 ж. -11 б.

ДӘККО – ЖАНРЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Амиралиева З.А – Музыка мамалдығының студентті
Ғылыми жетекшісі: Алимона А.Ш. - и.ғ.магистрі, аға оқытушы
«Сырдария» университеті, Жетісай қаласы

Резюме

Тернистый как бы трудно поддержка полком эры казахи может быть его инструментом.

Summary

The thorny matter how difficult lane era Kazakhs support could be his instrument.

Домбыра – киелі аспап. Қазақ үшін киелі. «Қазақ пағыз қазақ емес, пағыз қазақ - домбыра» деп ақын Қ.Мырзашев ұлттық рухтың қайнар көзі осынау киелі аспапта екенін деп басып айтқан. Қазақтың дәстүрін сөйле пнек еткенде әрине қазақтың дәстүрлі өнері ойға оралатыны айқын жәйт.

Он саусағынан өнер тамған күйшілеріміз, көмейіне бүлбүл ұялаған дүлдүл әншілеріміз, белгілі бір оқиғаны баяндап таңдау таңға ұластырған бір гума жыршыларымыз, ауыл-аймақтағы думан тойлардың сәнін аша түскен сал-серілеріміз т.б осы сияқты дәстүрлі өнердің аса дарынды тұлғалары көпшіліктің арасында көп болған-ақ. Аталған дәстүрлі өнеріміз атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасын тауып отырған. Бағыз заманнан бергі келе жатқан бұл өнеріміз бүгінгі таңның арайлы күнінде де жалғасын тауып отырғандығы көңіл қуантарлық. Қазақ халқы өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық. Ата-бабамыз музыкалық өнерге аса мән беріп, деп қоя біткен.

Қазақ музыкасының тарихында ән-күйі тұңғыш өз атымен аталып, авторлығын біздің заманымызға дейін толық сақталған әсем саз, нақты шыңдықты бастаушы Қорқыт күйшінің болғаны белгілі. Бізге жеткен халық ән-күйлерінің қай-қайсысын алсақта Қорқыттан кейінгі дүниеге келген туындылар. Тіпті, ел арасында аңызға айналған «Ақсақ құлан» күйінің өзі де монғол шапқыншылығы, Шыңғыс хан шапқыншылығына шыққаны белгілі. Сондай-ақ, желмаяға мініп жаһанды кезген Асаңқайғыда «Ел айрылған» деген атты күй тартынды ([1, 45-б.]).

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне байланысты өнеріміз ғасырлар бойы тек қана жеке орындаушылық формада дамыды. Ол әр дәуірдің мәдениетінде дарынды тұлғалардың дүниеге келуіне мүмкіндік тудырды. Аты аңызға айналған Кетбұға, Асаңқайғы, Қарт Науай сияқты оның ең таңдаулы есімдері біздің заманымызға жетті. Одан соң бертін келе Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Дина, әншілеріміз Ақын сері, Біржан сал, Жазу Мұса, Мұхит, Кенен сияқты алты алашқа аттары мәлім болған біртума дарындыларымыздың қазақ дәстүрлі ән және аспаптық өнеріне сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. Қазақ даласы ежелден ән мен күйге толы. Рас, эстрада жанры әлемдік музыка саласын дүр сілкіндірген кезде ықпалым замандардан халықтың мұңы мен

тағдырымен тамырлас. Қаншама кинолықтарда тар жол, тайғак кешу замандарында қазаққа сүйеніп бола білген киелі аспабымыз. Саусағың ішегіне тиіп кетсе сөйлей жөнелетін құнды жәдігер домбырамыздың тұмыры мәңгі болмақ [3, 25-б.].

Әдебиеттер

1. Ж. Еңсенов «Домбыра» журналы Алматы 2007ж. наурыз айының №1 саны.
2. Б. Абитова. Темір үйер қыдығың аты болар «Алдаспан». «Новая музыкальная газета» № 2 2011ж.
3. А. Сейдімбек «Күй шежіре» Алматы 1997ж.

ӘОЖ: 347.785

ХАЛЫҚ ӘНДЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асқар Ф. – Музыка мамандығының студентті
Гильми жетекшісі: Мананов А.Ж. - оқытушы
«Сырдария» университеті, Жетісай қаласы

Резюме

Песни синкретического искусства. Сложность механизма влияния песни является главной особенностью нашего синкретического соединения.

Summary

Songs syncretic art. Its single birkte-themed. The complexity of the mechanism of influencing the singing is our main feature synkrettiligine connection.

Қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігі үнемі дидактикалық мәселелермен қансырыла қапталғасқан. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасак та, онегелі осиег аркылы, ізгілікті мейірбаңдыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез — құлыққа, сиқырлы ақылдылыққа насихаттан отырады. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, когамдық көзқарастарын, ақылы — ойының жиықтығын танығалы. Қазақ әндерінің дидактикалық, танымдық қасиеті негізгі ерекшеліктерін тағы бір қырынан көрсетеді. Қазақ халық әндерінің жанрлары да көп. Оларды жүйеге келтірілген жіктемелер де баршылық (А.В.Затяевич, Б.Г.Ерзакович, Т.Бекқожина, З.Қоспақов, т.б.). Жіктемелерін бәрін өнертану саласында толық қолдауға болады. Ал педагогикалық салада оларды осы қалпында пайдалануға болмайды, өйткені олар әндердің тәрбиелік мүмкіндіктерін жан жақты ашып көрсетуді шектейді. Біздің пайымдауымызша мектеп практикасында мазмұнды пайдалану мақсатында қазақ әндерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін былайша жүктеген дұрыс сияқты:

- тұрмыс салт әндері (бесік жырлары, балалар мен жастар әндері);
- еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері (бақтаншылық, торт түлік мал туралы әндер, диқан, егіншілік әндері, ашынық, саяткерлік әндер, жұмысшы әндері);
- үйлену әндері (той бастар, той тарқатар, жар-жар, беташар, қоштасу, сыңсу, құдалар әндері);
- ұлыс әндері (жараназан); діни әдет — гүрілгтар тудырған әндер (бәлік,

бақсы, сарыны);

- жанвизнау әндері (естірту, жұбату, көңіл айту);
- нақиялы әндер (аңғыс, бата, тілек, жұмбақ, мысал-ажуа, күлдіргі мысқыл әндер);
- қиял-ғажайып әндер (аңыз әндер, өтірік өлеңдер);
- сатираны
- юморлық әндер (әзіл-қалжың, мысқыл, күлдіргі әндер);
- тарихи әндер;
- әлеуметтік теңсіздік әндері;
- музыкалық шығармалар (терме, толғаулар);
- аңғыс әндері;
- лирикалық әндер. [1, 28 – б.]

Қазақтың халық әндері жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, азаматтық идеяларының өркендегілігімен, болмастығы көзғарасты әсерлі бейнелесуімен, көркемдік айырмашылығымен оқушылар назарын өзіне аударады.

Қазақ әндерінің музыкалық-поэтикалық құрылымының күрделілігі, жас буынның ой-сезімі мен тағымдылығына әсер етуші күштерінің сан қилы болып келуі, оның өнер түрінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Ал біздер сөз еткені ытырған оқушылардың музыкалық-эстетикалық дамуын жетілдіруде ән тәрбиелік мүмкіндіктерін нәтижелі пайдалану қазақ әндерінің өзіндік бітім — тұлғасын, мазмұнын түп төркінін, көркемділік мәнерін жете білмейінше, ойдағыдай жүзеге асырылмайды [2, 34 – б.].

Қазақ әндерінің ерекшеліктері әдебиет саласында А.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Б.Уақатов және басқа зерттеушілердің еңбектерінде талданды. Педагогикалық зерттеулерде қазақ әндерінің ерекшеліктері жөнінде арнайы еңбектер болғанымен, осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлер мен пайымдауларды С.А.Ұзақбасованың, А.Нұғымованың, М.Х.Балтабасовтың, Ж.Әтемісовтың ізденістерінен байқауға болады.

Біздер жоғарыда аталған гильми еңбектерге сүйеніп педагогикалық тұрғыда қарастырылған ән мұраларының қазақ өмірімен тығыз байланыстылығы, тарихилығы, көп варианттылығы, философиялық ой тереңдігі, көркем образдылығы, синкреттілігі, дидактикалық және танымдық маңыздылығы және мелодиялық интонациялық құрылымындағы әуен өсемділігі деп ажыраттық. Осылайша байлам жасауымызға А.Қоңыратбаевтың ән-өлең шығармаларына берген сипаттамаларын, ерекшеліктерін: «Олар — фольклордың коллективтік және ұлттық сипаты, варианттылығы, дәстүрлілігі, тарихилығы және ауызекі дамуы... фольклор синкреттік өнер. Оның бойында халықтың тұрмыс-салты, театр, сөз, би және ән-күй өнері бір-бірінен даралыбай, тұтас күйінде келінеді», — деген тұжырымдарын негізге алуға болады [3, 78 – б.].

Фольклор шығармаларының айрықша әсерлі болатын себебі — оның есте қалғын, тартымды әрі қарапайым, көркем образдылығы. А.Қоңыратбаевтың осы пікірі ән-өлеңдерінің тағы бір ерекшелігін оның көркем образдылығын дәл көрсетеді. Халық әндерінде ақыл-ой қария Асанқайғы, Қорқыт, Жиренше еліне қиын-қыстық кезде болған Қобланды, Алпамыс, Ертарғын, Қамбар батырлар,

онегелі ару қыздары Қыз-Жібек, Баян-сұлу, Қарашан, Ақжүніс тәрізлі жасампаз образдар әсем сазбен, сырлы әуен көгендерімен жиі кездеседі.

Қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігі үнемі дидактикалық мәселелермен қапсырыла қапталдасқан. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасак та, онегелі есиет арқылы, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез-құлыққа, сақшы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге қазақ халқының тарихын, өмір сүру тірішілігінің сан қилылығын, қоғамдық қозғарастарын, ақыл-ойының жияқтығын танытады. Яғни, қазақ әндерінің дидактикалық, танымдық қасиеті оның негізгі ерекшеліктерін тағы бір қырынан көрсетеді.

Біздер қазақтың халық әндерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін талдағанда жоғарыда аталған жеттеушілердің ән жанрларын классификациялауына сүйеніп педагогикалық мақсатпен жүйелен, төмендегі классификациямыз бойынша қарастырамыз:

- тұрмыс салт әндері (бесік жырлары, балалар мен жастар әндері);
- еңбек, шаруашылық кәсіп әндері (бақташылық, төрт түлік мал туралы әндер, дикан, егіншілік әндері, аңшылық, саяткерлік әндер, жұмысшы әндері);
- үйлену әндері (той бастар, той тарқатар, жар-жар, беташар, қоштасу, сынсу, құдалар әндері);
- ұлыс әндері (жаралазан); діни әдет-ғұрыптар тудырған әндер (бәдік, баксы, сарыны);
- жаналазау әндері (естірту, жұбату, көңіл айту);
- нақиялы әндер (аңғыс, бата, тілек, жұмбақ, мысал-әжуа, күлдіргі мысқыл әндер);
- қиял-ғажайып әндер (аңыз әндер, өтірік өлеңдер);
- сатиралы юморлық әндер (әзіл-қалжың, мысқыл, күлдіргі әндер);
- тарихи әндер;
- әлеуметтік теңсіздік әндері;
- эпикалық шығармалар (терме, толғаулар);
- айтыс әндері;
- лирикалық әндер. [4, 42 – 6.]

Тұрмыс салт әндері алам баласының өмірге келіп ержетіп, есеюі, қаза болуы сияқты елеулі кезеңдерге, уақиғаларға байланысты туындаған. Нәрестенің өмірге келуі, әр шауырақты қуанышқа толтырып, шілдехана жасалып, ат қойылған. Кіндігі түскен баланы 5-6 күннен соң бесікке салып, түрлі ырым-жоралғылар жасалған. Ал бесікке салынған баланың өсіп жетілуінде бесік жырларының тәрбиелік маңызы айрықша болады. Бесікке салынған бөбек анасының сүйіспеншілікке толы, жанға жағымды нәзік әуеніне бақып, тәтті ұйқыға кетеді. Бесік жырларының құрылымы қарапайым болғанымен, саты жан тебіренгер мамыражай, әрі көркем болып, жас сәбидің нерв жүйелеріне, жалпы психикасына жағымды әсер етіп, көңіл-күйін орнықтырады. Ананың бесіктегі нәрестесін уата отырып айтқан игі тілектері, болашаққа деген жақсы үміттерін сүгімен, алдымен ерте бастамақ құлағына құйылып ержетеді.

Ән синкреттік өнер. Оның бойында біртұтас бірлікте сомдалған. Ән өнерінің әсер етуші механизмінің күрделілігі, бітудің оның негізгі ерекшелігі синкреттілігіне байланысты зор.

Әдебиеттер

1. Ахметова С. Ән-күй өнерінің дүниетанымды қалыптастырудың әсері // Білім Ғылыми-педагогикалық журнал. - Алматы, №2 (38) 2012ж. -12-18 бб
2. Ахметова М.М. Ән және қазіргі дәуір. Алматы, 1954 ж.
3. М.М. Ән және қазіргі дәуір. Алматы, 1954 ж.
4. Ән сабағы. Құрастырғандар: К.Әсімбекова, Б.Мұстафин, Т.Мұстафина, Ж.Тауболдиева. Алматы. Өнер, 1997ж.

ӘОЖ: 347.785

ЖЕТІСАЙ ТЕАТРЫНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАР

Әжібек Р.М. – Музыкалық білім мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі: Бөрі Иса – ЖАҚ доценті

«Сырдария» университеті, Жетісай қаласы

Резюме

В Жетісай драматическом театре имени К. Жандарбеков Жетысай Южный Казахстан регион был основан в 1968 году на базе национального театра. Был назван первый казахский музыкально-драматический театр Сырдарьинской области (Узбекистан).

Summary

Zhetysaysky Drama Theatre named after K. Zhandarbekov Zhetysai in South Kazakhstan oblasti was founded in 1968 on the basis of the national theater. Syrdarya region (Uzbekistan) Was named the first Kazakh musical-drama theater.

1967 жылы Ұлы Қазан Революциясының 60 жылдығына орай ОзбССР-де «Театрлар фестивалі» болды. Осы фестивальда Киров Халық театры Б. Майлин мен Е.Брусилловскийдің «Жалбыр» спектаклін Самархан театрының сахнасында қойып, 1 орынды иеленіп қайтты. Театрдың қаз тұрып сахна мәдениетіне қалам басуына Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Х. Қ. Апасев, аудан бастығы И. К. Мороздың еңбегі орасан болды. Озбекстанның уақытында, біз Озбекстанға баяғы Хрущев: «мақта егетін аудандардың бірі Озбекстанға қарау керек»-деген қаулы шығарып, бізді 1963 ж. Озбекстанға қаратып жіберген.

Қ. Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай қаласында 1968 жылы халық театрының негізінде құрылған. Алғаш Сырдария облысы Қазақ музыкалы драма театры (Озбекстан Республикасы) деп аталды. Театр ол кезде көп қырлы, жан-жақты, универсал коллектив болды. Мұнда балет, хор, симфониялық оркестр, эстрадалық топ болды. 1969 жылы 18 қаңтарда Б. Майлин мен Е. Брусилловскийдің «Жалбыр» музыкалық драмасымен театрдың шымылдығы ашылды. Режиссері-Қасымхан Шанин, басты рөлде Жеңіс Қарабасев ойнады. Театрдың тұңғыш бас режиссері-Қасымхан Шанин, директоры-Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениетқайраткері Тасболат Төрешұлы Байымбетов болды. Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының атауы 1968-1971 жылдары Озбек ССР-і

БЕЙНЕЛЕУ ОНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУЫ

Бейнелеу өнері және сызу мамандығының студенті Ж.А. Байдулла
 Ғылыми жетекшісі: Құрбаналиев Б.О. п.ғ.к., профессор
 «Сырлария» университеті, Жетісай қаласы

Резюме

Цель преподавания искусства в школе - исходя из закономерностей воздействия различных видов искусства, формирование личности учащихся. Предмет обучения задача искусства - знакомство с искусством отечественных и иностранных учащихся, повышение понимания, духовного обогащения их внутреннего мира, культуры, в развитии художественных умений и навыков, совершенствование в освоении языка искусства, воспитывать уважение к мировой культуре.

Resume

An aim of teaching of art is at school - coming from conformities to law of influence of different types of arts, forming of personality of students. Main task of art is an acquaintance with an art home and foreign students. Increases of understanding, spiritual enriching of their inner world, culture, in development of artistic abilities and skills: perfection in mastering of language of art, to bring up respect to the world culture.

Біліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы кезге дейінгі дәлдарыстан нығаратын қуатты талшыныстарға жол ашты.

Көркемдік білім берудегі қазіргі заманғы тәжірибелерді саралау барысы сынып оқушыларының жеке қызығушылықтары мен танымдық қажеттіліктерін, келешекте олардың өнер түрлерінен оқу орындарда білім алуға бағытталуына әсер ететін бейінді оқытудың басты бағытын анықтауға ықпал етеді. Өнер пәні оқушы тұлғасының өмірлік көзқарасының негізін құрайтын, оның өнегелі - эстетикалық тәрбиесіне әсер ететін әр түрлі өнер түрлерін кешенді түрде меңгерту шығармашы тұлға тәрбиелеу мақсатын көздейді [1].

Мектепте өнер пәнін оқытудың мақсаты - әр түрлі өнер түрлерінің әсер ету заңдылықтарына сүйене отырып, сынып оқушыларының тұлғасын қалыптастыру. Өнер пәнін оқытудың міндеті - оқушыларды отандық және шетел өнерімен таныстыру, түсінуін арттыру, олардың рухани ішкі дүниесін байыту, көркемдік мәдениеттің дамуындағы білік, дағдыларын жетілдіру; өнер тілін меңгеруге, әлемдік мәдениетке деген құрметін тәрбиелеу.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енгізіле бастауда [2]. Бұл педагогика теориясы мен оқу - тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өнерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

- білім мазмұны жиі біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және парыз жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байланысуда;

- ақпараттық дәстүрлі әдістері - ауылша және жатбана, телефон және

радиобайланыс - қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ыңысып орып беруде:

- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

- мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

- қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән берілуде.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық - педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады:

- есте сақтауға негізделген оқыл білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту[3].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына негіз әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқытудың кең таралған сынып - сабақ жүйесінің негізін қалаған Ян Амос Коменский болды. Ол өзінен бұрын өткен және ағымдағы педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, оқу ісін жүйелі ұйымдастыруды ұсынды.

Оқушыларды сыныпқа жас шамаларымен таным қабілеттері бойынша топтастыру:

- Сыныптағы оқушылар құрамының әркезде тұрақты болуы.

- Жеке пәндерді тұрақты оқу кестелері арқылы алмақсезек оқыту.

- Оқытуды оқу жоспарына, оқу бағдарламалары және оқулықтарға негіздеу.

- Оқытуды жылдың тұрақты бір мезгілінде бастап, аяқтау.

- Оқытуды ұйымдастыру тек мұғалімнің басшылығымен жүргізілуі.

- Қорыта айтқанда, мұғалім бір мезгілде жас шамалары бірдей, құрамы әркезде тұрақты оқушылар тобымен жұмыс істейді[4].

Сабақ - оқыту жұмысын ұйымдастырудың басты формасы болғандықтан, ендігі жерде оның атқаратын қызметі мен оқыту процесінде алатын орны ерекше болды. Сабақта оқушыларға білім берумен қатар, олардың рухани - адамгершілік қасиеттері мен ақыл - ой қабілеттерін дамыту мақсаттары көзделеді.

Сабақ - күрделі психологиялық және дидактикалық процесс, онда оқушылармен педагогикалық қарым - қатынас жасау және тәрбиелеу міндеттері іске асырылды.

Сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар жүйесі

1. Сабақтың мақсаты айқын, мазмұны, жоспары және оның құрылымы

алдын – ала белгілі болуы тиіс.

2. Сабақ оқыту принциптерінің ережелері мен талаптарына сәйкес болуы қажет.

3. Сабақтың ғылыми мазмұны оқушылардың жас және лара ерекшеліктеріне сай ұғынымды, түсінікті болуы керек. Сондай – ақ сабақта оқушылардың бойына біліктер мен дағдылары қалыптастыру міндеті жүзеге асырылуы тиіс [5].

4. Сабақта мазмұны оқытатын пәннің бағдарламасына сәйкес болуы және әрбір сабақ басқа сабақтар жүйесінің буыны болуы міндетті нәрсе.

5. Сабақта оқушылардың білімге ынтасы мен қызығуын арттыру үшін сабақтың құрылымы мен әдістерін түрлендіріп, көрнекі және техникалық құралдарды, түрлі ойындарды тиімді қолдану керек. “Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседі бір жаналық болуы керек” – деп Ж.Аймауытов майдан – жай айтпағанын ескеру керек.

6. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру үшін проблемелік міндеттер мен тапсырмаларды орындауға басшылық ету қажет.

7. Сабақтың сапасын жақсарту үшін мұғалім оқушылармен қарым – қатынас жасау шеберлігін арттырып отыруы керек. Педагогикалық қарым – қатынас мұғалімге оқушылармен рухани байланыс жасауға мүмкіндік береді. Білім арқылы қарым – қатынас жасау және қарам – қатынас арқылы білім алу керек деген қағиданы іске асыру пайдалы.

8. Сабақта оқушыларға білім берумен қатар оларды өздігінен білім алуының әдіс – тәсілдеріне үйрету міндет.

9. Сабақта оқытудың білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметін біртұтастық принципке сай жүргізуі тиіс.

10. Сабақтың дидактикалық құрылымы немесе кезеңдері бірізділікте, бір – бірімен өзара байланыста, бірін – бірі толықтырып тұрылуы қажет.

11. Сабаққа дайындалу және оны өткізу барысында мұғалімнің сыныптағы, мектептегі нақтылы жағдайды (оқу кабинетінің жабдықталуы, оқу – техникалық, көрнекілік құралдарының нақты қолда болуы, тұрғылықты жердегі табиғат, өндіріс ресурстарын пайдалану т.с.с) ескеріп отыруы шарт [6].

Бейнелеу өнерін оқыту айналадағы өмір шындығын көркем бейнелеу ерекшеліктерін танытуды оқушылардың табиғат сұлулығын халық өмірінің көріністерін жүйелі қабылдауын оның мүмкіндігінше өзінің көркем бейнелеу жұмыстарында қолдана білу машықтарын қалыптастыруды көздейді. Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың практикалық білімі мен көркемдікті түйсінуін үйлесімді ұштастыра білуге, шындық пен өнердегі әсемдікті дәл сезіне білуін шығарманың ынтасына өнерге деген ықыласы мен қызығушылығына және материалдың дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді.

Айналадағы өмір шындығын көріністерін көркем бейнелеу әдістері мен тәсілдерін меңгеру белсенді шығармашылық жұмыс. Оқушылардың көркем мәдениет құбылыстарды олардың қоғам өміріндегі мәні. Айналадағы шындық объектілері мен құбылыстарды эстетикалық тұрғыдан қабылдай

білуге баулу. Балалардың көру мен есту байқампаздық қабілетін бояу түстерін ажырата білу түстерін дағдыларын қалыптастыру [7].

Бейнелеу өнері оқыту барысында қолданылатын педагогикалық әдістің бірі болып табылады. Бейнелеу өнерінің түрлерінде живописьті оқытуда оқушылардың білім қабілетілігін дамыту бейнелеу өнері пәнінің мүмкіндігі шексіз мұндай нақты бір шешім болуы мүмкін емес, әр оқушының белгілі татты немесе құбылысты қалай қабылдаса солай бейнелеуге тырысады [8].

Сондықтан бір оқушының тапқан шешімі екінші оқушының жұмысына үксемейді. Осы жағдай кластағы барлық оқушының сабаққа толық ынтасымен қатынасуын қамтамасыз етеді. Өйткені талапсыз оқушы жоқ, ойын үстінде баланың творчестволық қабілет мүмкіндігі толық ашылады.

Бейнелеу өнерінен үй тапсырмасы берілмейтінін ағталық сағат саны бір сағат қана екенін және творчестволық тапсырмалармен жаттығулардың аздығын ескерсек, ойын-тапсырмалардың бейнелеу өнерін оқытуда қаншалықты маңызды екенін байқау қиын емес. Бейнелеу өнерін оқыту барысында ойын әлемсізгері аралас тапсырмалар беру оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың сабақта творчестволықпен жұмыс істеуіне себепін тигізеді [9].

Әдебиеттер

- 1 Закон РК «Об образовании» - Астана 2014ж.
- 2 Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие (п.ғ.д. дисс. Автореф). – Алматы: 2013ж. – 46 б.
- 3 Қабылдайұрұлы К., Берікханова Г. Оқытудың педагогикалық технологиясы жайлы // ИФМ. 2014ж. № 3. 7-8 б.
- 4 Сабақ беру тиімділігін арттыру (Құрастырған: Б.Сманов). - Алматы, 2009ж.
- 5 Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары 1-4 сыныптар. - Алматы, 2007ж.
- 6 Қабылдайұрұлы К., Берікханова Т. Оқытудың педагогикалық технологиясы жайлы. И.Ф.М. №6, 2012 ж.
- 7 О. Сапсанов // Қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріне бейімдейтін еңбекке үйрету - Алматы., 2014
- 8 Мусалинов Т. Самылтыров М. Бейнелеу өнерінің негіздері - Алматы: Рауан, 1988ж. - 139 б.
- 9 Айдарова З. Мектепте оқушылардың көркемдік талғам тәрбиелеу // Бейнелеу өнері және сығу. 2015ж. - № 4. - 26

ӘОЖ 372.8:53

ДЕМОНСТРАЦИОННЫЕ ЭКСПЕРИМЕНТЫ ДЛЯ 7 КЛАССА ПО КУРСУ ФИЗИКИ

Егизбаева Т.А. - Студент 3-курса по специальности 5B011000-физика
Научный руководитель: Айдарбекова А.А. – магистр физики, старший преподаватель

Казахский Государственный Женский Педагогический Университет, город Алматы

Түйіндемесі

Бұл мақалада демонстрациялық эксперименттің маңыздылығы айтылып, оны орындау әдістемесі берілген және 7 сынып оқушыларына арналған демонстрациялық экспериментке бірнеше мысалдар келтірілген.